

ҰЛТ ӘОЛМЫСЫ

Респубикалық патриоттық, әдебиетанымдық журнал

№ 5 (30)


Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙФА ҮЛГІ»
10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИІГІНДЕГІ
АЗАМАТ»
16-БЕТ

Бақытқожа РҰСТЕМОВ –
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ**



Дүйсенқұл БОПЫВА,
Оңтүстік Қазақстан облысының
құрметті азаматы, зейнеткер:



«МАҚТАНУҒА ТҮРАРЛЫҚ БОЛМЫСЫ БАР»

Жас келе өткен өмірің көз алдында елестеп тұрады еken. Бірге қызметтес болған достарды, қызметтестерді үнемі еске алып отырып мен өзімді бақытты адамдар қатарына қосамын. Эр заманның ерекше бір атап өтетін жақсылығы мен жамандығы бар. Ал, мениң ерекше айтaryм, біздің жас кезімізде қоғамда тәртіп пен мәдениет ерекше жоғары болды. Артымыздан келе жатқан ұрпақтарды дұрыс тәрбиелесек, сол ұрпақтарымыз өздерін өкшелеген буынға елімізді, жерімізді қастерлеп, қадірлеуді ұғындыrsa деген пікірді ұстандық. Қоғамның сан түрлі сатыларынан өтіп, жастармен көптең жұмыс жүргіздік. Осы күнге дейін жастармен сөйлескім келіп тұрады. Жасым шамалы ұлғайған тұста, облыс әкімінің орныбасары болып қызмет атқарды. Жастарды жұмысқа көптең тартып жатқан тұсымызда ұйымдастырушылық бөліміне Бақытқожа келді. Бұл бөлімнің ауқымы кең, қарастыратын мәселесі де жоғары болатын. Осы бөлімдегі қызметте бес-алты жас жігіттер қызмет атқарды. Солардың арасында осы Бақытқожа бітім болмысы ерек, дара тұрды. Қанша дегенмен халықпен жұмыс жасағаннан кейін адам танып, психолог та болады екенсің. Қағаздарға кол қойдыруға немесе ақылдасуға, тапсырма алуға алдыңа келгенде жігерлі, терең ойлы, өзінше алдына қойған мақсаттары бар азамат болып жарқылдан көрінетін. Отбасынан алған тәрбиесінің жақсы екендігін көрсете білді.

Маған ұнайтын бір қасиеті, Бақытқожага бір тапсырма берсең сонына дейін орындайтыны. Бастықтардың баршасы Бақытқожаны осы тиянақтылығы үшін сыйлас, құрметтейтін. Ол кезде жоғарғы қызметте отырғандардың көбісі орыстар болды. Олар жасыратыны жок, әрбір казақ баласына «Мынаның қолынан не келеді еken» дегендегі сыйни көзқараспен қарап отыратын тұста, осы Бақытқожа қазактың қолынан, соның ішінде қазақ жастарының қолынан не келетінін көрсетті.

Адамдық қасиет турасында сөйлеу, үлкен ұлагаттықты талап етеді. Өйткені, адамдық тұрғысында әңгіме айтпас бұрын, өзің де соған лайықты болуың керек. Осы тұста ойыма Жүсіп Баласағұн бабамыздың «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген аталы сөзі оралып отыр. Осы тұрғыдан алғанда оны адамдық жақсы қасиетке бай азамат деп санаймын. Оның кез келген адаммен тіл табыса алуы ұжым ішінде абыройлы етіп, өзіне енбекқорлығымен қоса жарқын болашақ сыйлады.

Тұмасақ та туғанымдай болған Төлеген ағамыздың тәрбиесін алған ұрпақ екенін өз ортасына, тіпті, қазақ қоғамына Бақытқожа дәлелдей алды.

Мақтануға тұрарлық болмысы бар, қазактың біртуар ұлымен қызметтес болған сәттерімді қуанышпен еске алып отырамын.

Қызметтестерімен бірге. 1983 жыл. (отырған Дүйсенқұл Бопыва)

